



*Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университетінің Хабаршысы -
Bulletin of L.N. Gumilyov Eurasian National University, № 1 (126)/2019, pp. 100-108
<http://bulpolit.enu.kz/>; E-mail: vest_polit@enu.kz*

XҒТАР 23.51.

М.М. Әбішева¹, А.М. Курбанбаева²

*Л.Н.Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті, Астана, Қазақстан
(E-mail: ¹abisheva_mm@enu.kz, ²altin-ai78@mail.ru)*

«Та'ароф» - ирандық менталитеттің басты қыры

Аннотация. Мақалада Иран мәдениетіндегі сыпайылықтың ұлттық ерекшелігі қарастырылады, оның әмбебаптығы мен ерекшеліктері ашып көрсетіліп, мәдени ерекшеліктің пайда болу факторлары мен себептері сипатталады. Бұл мақаланың мақсаты ирандық ұлттық мінез-құлықтың осы ерекшелігін зерттеу болып табылады. Осы мақсатқа жету үшін автор ирандықтардың ұлттық мінез-құлқының негізгі ерекшеліктерін және олардың қалыптасу факторларын қарастырды. Иран студенттерінен алынған сауалнама нәтижелері олардың «сыпайылық» туралы жалпы түсініктерін анықтау үшін ұсынылды. Ирандық және шетелдік зерттеушілердің Иран қоғамындағы әлеуметтік қатынастар туралы пайымдаулары ұсынылды. Мақалада «та'арофтың» пайда болуына қатысты ғылыми гипотезалар келтірілген. Сонымен қатар діни негіздегі болжамдар ұсынылып, мұсылман қауымы өмірінің әр алуан діни-құқықтық мәселелерін қамтитын хадистерден мысалдар келтірілді.

Түйін сөздер: сыпайылық, этикет, сөйлеу этикеті, «та'ароф», Иран мәдениеті.

<https://doi.org/10.32523/2616-6887/2019-126-1-100-108>

Кіріспе. Қазіргі жаһандану үрдісінде Иран жаһандық және аймақтық деңгейде салмақты орынға ие, халықаралық қатынастарда да өз бірегей пікірін білдіретін мемлекет. Иран халқы осыдан қырық жыл бұрын, Имам Хомейнидің жетекшілігімен авторитарлық шах билігін құлатып, Ислам діні тәлімдеріне негізделген Ислам Республикасы жүйесін орнатты. 1979 жылғы революцияда халықтың негізгі ұраны «Тәуелсіздік, Еркіндік, Ислам Республикасы» болды. Осылайша ежелгі Иран елінің бірнеше мыңжылдық тарихында жаңа кезең басталды. Биыл Иран Ислам Революциясы жеңісінің қырық жылдық мерейтойы өткізілуде. Иранның жалпы әлемдік сахнадағы рөлі мен геосаяси орнының маңыздылығына байланысты, Иранның тілін, мәдениетін, тарихын, дінін, мәдени құндылықтары мен әлеуметтік қарым-қатынастарын зерттеу өзекті саналады. Қазақстанмен мәдени, тарихи, рухани, әдеби ортақтастықтардың бар болуы, Каспий теңізі арқылы көршілес мемлекет Иран елін зерттеу оның өзектілігін арттыра түседі. Бұл мақаланың негізгі мақсаты Иранның мәдениетін, халықтың этнопсихологиясын, оның ішінде Иран қоғамындағы ерекше құбылыс «та'арофтың» мазмұны мен мәнін зерттеу болып табылады.

Қазіргі дүрбелең заманда, аймақтық сахнада держава болуға ұмтылған елдердің қатарында Иран да бар. Кез-келген мемлекеттің әлсіз де күшті тұстарын анықтауда, алдымен халықтың сонау ғасырлардан бері бастау алатын түпкі тарихы мен мәдениетіне, оның ішінде халықтың ішкі рухани мәдениеті мен этнопсихологиясына назар аударамыз. Адамның өзі

ішкі қайшылықтарға толы тіршілік иесі, сол сияқты, адамдардан құралған қоғам да үнемі қарама-қайшылыққа, талас-тартыс пен бәсекеге толы. Бір-бірінің осы ерекшеліктерін біліп, өзара түсіністік негізде әріптестік еткенде ғана, арада кикілжің туындамайды. Енді осы тұрғыдан алып қарастырсақ, елдің, халықтың, этностың мәдениетін тану халықаралық қатынастарда зор көмегін тигізбек.

Этнос сәйкестігі үдерісінде оның материалды және рухани мәдениеттік компоненті өте маңызды болып табылады. Бұл - дәстүрлік және тұрақтылық сипаттағы, яғни әдет-ғұрып, салт-дәстүр, мінез-құлық нормасы, дін және т.б. сипатындағы мәдени құбылыс. Этникалық қауымның мәдени бірлігі өз кезегінде әрқашан олардың психика ерекшелігімен, оның ішінде өзіндік құндылықтар бағдары, талғамы, артықшылығы және т.б. реңктегі адамдар сипатымен толығып отырады. Ең соңында, этнос өзін басқа осындай қауымнан ажыратылатын, ерекше біріккен адамдар екендігін түсінеді. Өзіндік сана-сезім қауымның аймағы, оны құраушы адамдардың шығу тегі мен тарихи тағдыры туралы көрініске негізделеді. Этнос сана-сезімі өзінің жеке санасына және барлық басқа қалыптасу айырмашылығына негізделеді. Этникалық топтың жеке артықшылығы сол, өмірлік құбылыстарды қабылдау және бағалауда оның салт-дәстүрлері мен құндылықтары әсерімен қарайды [1, 20].

Эдвард Саидтің көзқарасы бойынша, мәдениет пен саясаттың арасында айтарлықтай ажырамас байланыс бар. «Мәдениет ұлт және мемлекетпен тығыз байланысты, өйткені ол «бізді» «өзгелерден» ерекшелендіреді және бұл ерекшелік ұлттарды немесе мемлекеттерді бір-бірінен айрықшалаңдырып, мемлекет пен ұлттың арасына жақын байланыс орнатады» [2, 7].

Тарихы тереңнен бастау алатын, мәдени құндылықтарға бай Иран елінің мәдениетімен жақынырақ танысу, парсы халқының әдет-ғұрып, салт-дәстүр, мінез-құлық нормасы, дін және т.б. сипатындағы мәдени құбылыстарын тану – Иранмен қарым-қатынас жасаушы әрбір мемлекет үшін қажет. Ендеше, ирандықтардың мінез-құлық нормасына, оның ішінде «этикет үлгісіне» және қарым-қатынас жасаудағы басты құрал тіл болса, сол тілдің ерекшеліктеріне назар аударайық.

Барлық мәдениеттерде «этикет үлгісі» деп аталатын ортақ элемент бар. Этикет ұғымына сөйлеу стандарты мен адамдардың басқа адамдармен қарым-қатынасындағы жүріс-тұрысы жатады. Адамдардың қарым-қатынасы ортақ әлеуметтік қажеттіліктерді қамтамасыз етуге бағытталғандықтан, барлық халықтардың мәдениетінде тұрақты этикет үлгілері бар. Бұл этикет үлгілері сол халықтың құндылықтары мен салт-дәстүрлеріне тікелей байланысты болады. Осы орайда айта кетерлігі, барлық қоғамдарда мойындалған жалпыға ортақ этикет пен жеке халық мәдениетінде ғана көрініс алған этикет қарастырылады. Осы негізде этикет бірнеше ғылымды: антропология, мәдениеттану, әлеуметтану, лингвистика мен әлеуметтік психологияны қамтиды.

Иран мәдениетінде негізгі жалпы этикет үлгісінің бірі - «та'ароф» (فراعت) болып табылады. Бұл сөздің түбі араб тілінен «арафа» (فرع) яғни «білу», «білімді алу» деген сөзден алынған, бірақ сөздің ішкі мазмұны толықтай ирандық мазмұнға ие. «Та'ароф» ұғымының қазақ, орыс, ағылшын тілдерінде аудармасы жоқ. Ең жақын эквиваленті «комплимент» болып табылады.

Ирандық комплименттер туралы айтылған теориялардың бірі - биліктің тең емес әлеуметтік қарым-қатынастарының құрылымы туралы теория. Бұл теорияны американдық антрополог Уильям Бимэн «Ирандағы тіл, әлеуметтік жүйе мен билік» 1986 ж. (انابز، ناری رد تردق و یعامتجا هاگیاپ) атты кітабында зерттеп, қарастырды. Бимэн «Иран қоғамы мен өркениетінің ғалымдар мен қарапайым адамдардың назарын өзіне аударғанына көптеген ғасырлар өтті, және ол қызығушылық ешбір азаяр емес. Көңіл аударатын мәселе Иранның өнері, архитектурасы, парсы әдебиеті мен саяси-әскери тарихы туралы барлық жазылғандардың ішінде адамдар арасындағы әлеуметтік қатынас тақырыбы шетелдік ирантанушы зерттеушілер үшін ең маңызды мәселе болып табылады» - дейді. [2, 10].

Иранға барып жатқан барлық туристер мен саяхатшылар ирандық мәдениеттің осы бір ерекшелігін бірден байқайды. Бұл - сыпайылықпен алмасу жоралғысы, күнделікті қарым-қатынаста қолданылатын еш жерде жазылмаған этикет кодексі, қонақжайлылыққа арналған ережелер жиынтығы. Мұндай ерекше құбылыс (феномен) жапон және үнді мәдениеттерінде де байқалады. Алайда олар ирандық «та'арофтан» айтарлықтай ерекшеленеді [3, 1].

«Та'ароф» Иранда коммуникативтік байланыстарды орнату құралы ретінде өте маңызды рөл атқарады. Ирандықтардың бір-бірімен қарым-қатынасы осы «та'арофтан» басталып, «та'арофпен» аяқталады. Өзара сыпайылық пен құрмет таныту, тіпті жағымсыз адаммен кездескенде де сыпайылық пен қарапайымдылықты көрсету, бірнәрсені қайта-қайта ұсыныс пен өтініш жасағанда ғана алу және т.б.

«Та'ароф» Иран мәдениетінің жалпы ұстанымдары мен ұлттық құндылықтарын анықтап қана қоймайды, сондай-ақ, «та'ароф» стратегиясы арқылы бір-бірімен қарым-қатынасқа түсушілер бір-бірінің «жеке шекараларын» анықтайтындығы байқалады [3, 2].

«Та'ароф» тілі мәнерлеп, әсірелеп сөйлеумен, ақындық әспеттеумен айрықшаланады. Көптеген сөздер метафора, аллегория мен гипербола болып табылады. Мысалы, «Форбане шома» (امش نابرق) «Мен сіз үшін өлемін, Сіз үшін құрбан болайын» немесе «Фадате шома» (امش تادف) «Сіз үшін жаным пида», «Гадаме шома руйе чешме ма» (امش مدق) «Мен сіз үшін өлемін», «Форбане садаге берам» (مورب فودص نابرق) «Садағаңыз болып кетейін», «Дар хедмате шома хастам» (مبتسه امش تمدخ رد) «Мен Сіздің қызметіңіздемін/Сіздің ықтиярыңыздамын», «Хедматгозаре шома хастам» (مبتسه امش رازگتمدخ) «Сіздің қызметшіңізбін» және т.с.с. Мұндай асыра әсірелеуді басқа елдер, әсіресе еуропалықтар бұл сөздердің рәсімдік және символдық сипатын ескерместен, шынайылық емес, фальшь деп қабылдайды.

Бірте-бірте уақыт өткен сайын кейбір «та'ароф» рәсімдерінің бұрынғыдай емес, мазмұны да айтарлықтай өзгеруде. Мысалы, бұрын бөтен ер адам әйел бар үйге кірерде «Иа Алла!» деп кіретін болса, бүгінгі күні үлкен қалаларда дәстүрді ұстанған діни отбасыларында болмаса басқа жерлерде сирек кездесуде. Дегенмен де шағын қалалар мен өңірлерде бұл рәсім сақталынған.

«Та'ароф» - әлеуметтік және күнделікті өмірдегі қарым-қатынастардың күрделі де көп қырлы жүйесі. «Та'арофтың» сақталмауы – әлеуметтік, мәдени және этикеттік нормалардың бұзылуы болып саналады. Ондайға жол берілмеу керек деп есептелінеді. «Та'арофтың» негізгі принциптерін білмесеңіз, парсы тілінің ерекшеліктері мен парсы мәдениетінің ерекшелігін түсіну мүмкін емес.

Парсы мәдениетінде сыпайылық дегеніміз - адамға құрмет көрсету және ықылас аудару болса, орыс мәдениетінде сыпайылық таныту – ол адамның ішкі сезімінен туындайтын нәрсе, ол бәріне бірдей емес, тек сол құрметке лайық деп санаған адамға ықылас таныту [4, 135]. Осы екі пайымдаумен толықтай келісеміз. Иран мәдениетіндегі сыпайылық көбінесе формальды, этикалық және әдептілік негізде жүзеге асырылады. Оны келесі мысалмен түсіндірейік.

Иранда әңгімелесуші өзімен сұхбаттасып тұрған адамды ұнатпаса да, тіпті араларындағы қарым-қатынас аса шиеленіскен болса да, сыпайылықты сақтау қажет. Мұндай сыпайылықты «сыпайы екіжүзділік» деп айтуға болады, шын мәнінде жағымсыз қасиет. Ирандағы сыпайылықтың екінші бір түрі – «сыпайылық-цензура». Мысалы, бір адам екінші бір адамның мазасын алса, екінші тарап өз наразылығын білдірмей, «бәрі дұрыс» деген кейіп танытады. Бұл мысалдан көретініміз Ирандағы сыпайылық объектіге басымдылық берсе, қазақ, орыс мәдениетінде субъектіге басымдылық беріледі [4, 138].

Мәскеу педагогикалық мемлекеттік университетінің филология ғылымының кандидаты Зейнаб Ахмади Ирандағы сыпайылықты үш түрге бөліп сипаттайды:

«Сондай-ақ, ирандық этикет жүйесінде шартты түрде бөлек қарастырылатын, бірақ

күнделікті тәжірибеде қатар қолданыста болатын «сыпайылық-шынайылық» (шынайы ниет білдіру), «сыпайылық-екіжүзділік» (шектен тыс ресмиленген қарым-қатынас/предельно формализованное общение), «сыпайылық-цензура» (мінез-құлқы мен сөйлеуде өзін-өзі тежеу қажеттілігінен туындайтын сыпайылық) бар» [5, 6].

Осындай мысалдардан Иран мәдениеті мен біздің мәдениетіміздегі тағы да бір екі айырмашылыққа тоқтала кеткен жөн. Біріншіден, ирандық сыпайылық әлдеқайда ресмиленген және дәстүрлі сипатқа ие болса, қазақ мәдениетінде ресмилік пен этикет нормаларын қатты ұстанудан гөрі шынайылық, шындық, шыншылдық жоғары бағаланады. Екіншіден, қазақ мәдениетінде сыпайылық жалпыға ортақ қабылданған мінез-құлық ережелерін сақтауды білдірсе, парсы мәдениетінде жан-жағындағы адамдарға құрмет мен ерекше назар аударуды белсенді түрде көрсетуді білдіреді.

Ирандық және орыс сөйлеу мәдениетіндегі сыпайылықтың ұлттық ерекшеліктерін жан-жақты қарастырған мақаласында Зейнаб Ахмади 2014 жылдың қаңтар айында Тегеран университетінің «Шет тілдері» факультетіндегі «Орыс тілі» мамандығы бойынша оқып жатқан 20 мен 30 жас аралығындағы 3 және 4 курс студенттерінен (Кесте 1) сауалнама жасау арқылы тәжірибелік зерттеулер жүргізгенін айтады. Сауалнама төмендегі нәтижені көрсетті:

Кесте 1

Мен өзімді сыпайы адам деп есептеймін, өйткені

1	Мүқият тыңдаймын	2	3,5%
2	Менің түр-келбетім, жүріс-тұрысым мен сөйлеу мәнерім жақсы	2	3,5%
3	Айналамадағыларға байсалды қараймын	4	7%
4	Дауысымды қатты көтеріп сөйлемеймін	6	10,5%
5	Тиісті сөздерді қолданамын	7	12,2%
6	Сұхбаттасушымен амандасқанда оның отбасы жайында сұраймын	7	12,2%
7	Өзгелерді ренжітетіндей әрекет жасамаймын (мысалы жасын сұрамаймын)	15	26,3%
8	Адамдардың құқығы мен мінез-құлықтық ұстанымдарын, та'арофты сақтаймын	35	61,4%
9	Адамдарға құрмет көрсетемін әсіресе қарттар мен әйелдерге, өз сөзіммен, іс-әрекетіммен оларға көңіл бөлемін; сөзім мен іс-әрекетімде әдептілік танытамын	43	75,4%

Кестеден көріп тұрғаныңыздай, Иран студенттері өзін сыпайы адам ретінде басымды түрде сөйлеу мен іс-әрекет деңгейінде құрмет көрсету факторын (75,4%) белгілейді. Сауалнамаға жауап берушілердің шамамен осындай пайызы (61,4%) сыпайылыққа мінез-құлықтық нормаларды сақтауды жатқызады. Ал басқа критерийлер, атап айтқанда сөйлеудегі дауыс интонациясы өте төмен пайызға (10,5%) ие болды.

Назар аударатын нәрсе: егер адам қаншалықты дұрыс айтып тұрса да, ақиқат соның жағында болса да, ол қатал дауыспен, қатты үнмен сөйлесе, бұл оның дұрыстығын ирандықтардың алдында азайтады.

Сауалнамадан байқалатыны, сыпайылықтың негізгі критерийі ретінде «та'ароф» аталады. Сауалнамаға жауап берушілердің жартысынан көбі ирандық сыпайылықтың ажырамас бөлігі болып табылатын кешірім сұраудың маңыздылығын айтады. Дәлірек айтқанда, парсы сөйлеу мәдениетінде кешірім сұрау сөздерінің жай ғана қолданысы емес, оның өз уақытында қолданылуы маңызды болып табылады. Мысалы, көптеген ресми және бейресми сұхбаттың басында, өтініш білдірерде немесе қонақ болған үйден қоштасып шығарда, «бебахшид» (دی‌ش‌خ‌ب‌ب) – «кешіріңіз» немесе «бебахшид ке бехетун захмат дадим» (م‌ی‌د‌اد‌ ت‌م‌خ‌ز‌ ن‌و‌ت‌ه‌ب‌ م‌ک‌ د‌ی‌ش‌خ‌ب‌ب) тура аудармасы: «Кешіріңіз, сізге қиындық тудырдық!» деп айтылады.

Дүние жүзіндегі адамдардың сыпайылықтың жалпы мағынасы туралы ой-пікірлері әртүрлі, әр мәдениетте әрбір қоғамда айырмашылық бар.

Жалпыға бірдей сыпайылық тұжырымдамасы (мәдени әмбебап құрал ретінде) зайырлылық тұрғысынан да, діни тұрғыдан да жүзеге асырылады.

Сыпайылықты сақтау әлемдегі барша мұсылман қаумының діни Ислам дінінде аса маңызды орын алады.

Ардақты Пайғамбарымыз (ﷺ) адамзат үшін ең көркем мінезді жан еді. Ол жайында Құранда Алла Тағала былай дейді: «Сендер үшін Алланың елшісінде көркем өнегелер бар» (Ахзап сүресі, 21-аят). Тағы бір аятта: «Шын мәнінде сен әлбетте ұлы мінезге иесің» (Қалам сүресі, 4-аят) [6, 1].

Пайғамбарымыз (ﷺ) сөйлеген кезде барлық сахабалар үнсіз қалып, бастарын иіп тындайтын. Көпшілік бір нәрсеге күлсе, ол тек күлімсіреп қоятын. Егер бөтен біреу оған құрметсіздік жасап, дөрекі сөйлейтін болса, Пайғамбарымыз (ﷺ) оны сабыр етіп, үнсіз тындайтын.

Пайғамбардың (ﷺ) көркем мінез туралы айтқан хадистері:

«Мен үшін сендердің ең жақсыларың - көркем мінезділерің» (Бухари)

«Иман келтірушілердің ең иманы толығы – көркем мінезділері. Сендердің ең жақсыларың – әйелдерің үшін жақсы мінезді болғандарың» (Термези)

«Ізгілік – жақсы мінез» (Муслим).

Ирандықтар ислам дінінің шиизм ағымын ұстанушылар болғандықтан, олардың мәдениеті мен әлеуметтік өмірінде, адамдардың өзара қарым-қатынасында шиизмнің ықпалы аса зор екендігін көреміз. Шииттер (араб.: *شيعة* — топ, ағым) - Мұхаммед пайғамбардың өлімінен кейін пайда болған ағым. Шииттер (шиғалар) Әли ибн Әбу Талибіті Пайғамбардан кейінгі билікке ең лайықты адам санап, алғашқы халифтерді мойындамайды. Олар билікке тек Әлидің ұрпағы лайықты деп санайды. Олардың ойынша Әлидің ұрпағынан 12 имам шығып, оның он екіншісі қазір «ғайыпта». Ирандықтардың мәдениетіндегі ерекше құбылыс «та'арофты» зерттей отырып, оның қалыптасуының себептерінің бірі дін, оның ішінде шиизм деп айтуға толық негіз бар. Оны төмендегі мысалдардан көруге болады.

Бір күні Хусейн әкесі Әлиден Пайғамбарымыздың (ﷺ) мінезі жайында айтып беруін өтінеді. Сонда хазірет Әли Пайғамбарымыздың (ﷺ) мінез-құлқын былайша сипаттап береді: «Пайғамбарымыз күлімсіреген жүзді, мінезі жақсы, нәзік жүректі еді. Ешқашан дөрекі немесе сыңаржақты емес еді. Аузынан ешқандай да жаман сөз шықпайтын. Өзгелердің қимылы мен әрекеттерін сынамайтын немесе жамандамайтын. Ұнатпаған бір әрекетті байқаса ештеңе айтпайтын және оған көңіл бөлмейтін. Егер сондай қылық көрсеткен адам өз әрекетін дұрыс санайтын болса, ол адамды айыптамастан, жүрегін ауыртпастан ол әрекеттен бас тартатын. Немесе ондай жағдайда ештеңе айтпай астарлап сөйлеп, ұнатпағанын жеткізетін [6, 1].

Имам Әли:

تسا بدا تفارش نىرترب «بَدَأَ الْفِرْسَانُ لُضْفًا» - (Бартарин шарафат адаб аст) «Ең ізгі қасиет – әдеп»

تسا مدمه نىرترب و رواى نىرترب هب، كىن بدا «نِىرَقَ لُضْفًا وَ رِزَاوْمَ رِئِخَ بَدَأَ الْفِرْسَانُ» - (Адаб ник, бехтарин иавар ва бартарин хамдам аст) «Әдеп – жақсылық, ең жақсы көмекші және ең жақсы серік» деген екен. [7, 5085].

Иран халқында «тавазо» («عضاوت») «қарапайымдылық, ұстамдылық/бойұсынушылық» деген ұғым кең таралған. Оның «та'арофтың» пайда болуына тікелей байланысы бар екендігін төмендегі мысалдардан көруге болады. «عضاوت» дегеніміз этикалық ғылымда - бойұсынулық мен кішіпейілдік дегенді білдіреді. Басқаша айтқанда, адам өзін өзге адамдардан ешқандай артықшылығы жоқ, сондықтан олардан өзін жоғарымын деп санамау керек, ол өз іс-әрекеті мен сөз сөйлеуде өзгелерге зор құрметпен қарап, оларды жоғары қояды. «عضاوت» мағынасы - «شوىخ ندامنورف» - «өзін төмен түсіру, кішіпейілділік, қарапайымдылық [8, 6211].

Имам Әли былай деген: «دی شاپ دت شاد عضاوت» (Тавазо' доште башид) Мағынасы: «Қарапайым бол. Өзгелерден өзінді төмен ұста».

Имам Әли мен одан кейінгі имамдардың хадистерінде «тавазо'» туралы көп айтылған. Ал, діни уағыздар мен хадистерді бала кезден естіп өскен ирандықтар өз мәдениетіндегі ерекше құбылыс «та'арофтың» пайда болып, оның күнделікті тіршілігінде кең қолданысқа енгенін, халықтың этно-психологиялық ерекшелігіне айналғанын байқамай да қалды.

Жергілікті халықтың діни құндылықтарға назар аударуы жалпы дәстүрлі этникалық мәдениеттің туындау аспектілерінің бірі болып табылады [1, 20].

Сыпайылық нормалары мен қағидалары халықтың түрлі философиялық мектептерінде және имамдардың сөздерінде де бекітілген. Сыпайылық пен әдепке қатысты мақал-мәтелдер де парсы әдебиетінде баршылық: «گرزب ات شاپ بدا اب، تسا بدا هجى تن ى گرزب» (Бозорги натидже-йе адаб аст, ба адаб баш та бозорги шави) «Сыпайы болыңыз, өйткені сыпайылық – ұлылықтың нәтижесі», «تسا ىن اگدن ز تا ى ح با بدا» (Адаб аб-е хайат-е зендегани аст) «Әдептілік – өмірге нәр беруші», «تسا ن ادرم رس ج ات بدا هک اق ح» (Хагган адаб тадж-е сар-е мардан аст) «Шындығында, әдеп – ерлердің басындағы тәжі» және т.с.с. [9, 58].

Сыпайылықтың маңыздылығы зайырлы мәтіндерде, мысалы Хафиз поэзиясында (XIV ғасыр) көрініс тапқан, бұл жерде де бұл тезис діни-догмалық сипатқа ие. Хафиз: «Құдайды мистикалық тану жолында жүрген жан үшін ең бірінші шарт – сыпайылық ережелерін сақтау» - дейді. Бұл ойды Парсы елінің монотеист алғашқы пайғамбары Заратуштраның (б.з.д. 10 ғасыр) басты ілімінен де көре аламыз: «Жақсы сөз, жақсы ой, жақсы амал».

«Та'арофтың» пайда болуының бір жағынан діни себебі бар деп пайымдасақ, екінші жағынан ежелгі парсы әдебиеті мен поэзиясы тарихына үңілсек, падишахтың өз сарайында арнайы ақындарды жинап, сол ақындардың падишахты ұлықтап, түрлі теңеулермен дәріптептеуі де «та'арофтың» қалыптасуына өз үлесін қосты деп пайымдаймыз.

Осылайша, сыпайылық қағидаттарының діни негізі - ирандық сөйлеу мәдениетінің басты ерекшелігі болып табылады, оны еуропалықтардың парсы тілін үйрену мен коммуникативтік рәсімдерді сақтау кезінде сөзсіз ескеруі қажет. Және керісінше, ирандықтарды қазіргі замануи еуропалық (оның ішінде қазақ, орыс) сөйлеу этикасы жүйесімен таныстырғанда, оның догматикалық қағидаларын емес, зайырлылық сипатын және оның көбінесе прагматикасы мен әлеуметтік-ситуациялық сәттерін ескеруі қажет.

Жалпы алғанда, сыпайылық пен этикет әртүрлі елдерде және әртүрлі тілдерде көрініс тапқан, тек сыпайылықты білдіруде әр тілдің өзіндік ерекшеліктері бар. Мысалы, жапон және корей тілдерінде сыпайылықтың лексико-грамматикалық категориясы бар. Әлемдегі көптеген тілдер сияқты, орыс және парсы тілдерінде арнайы грамматикалық көрсеткіш жоқ, бірақ сыпайылықты білдірудің көптеген тәсілдері бар. Мысалы, лексикалық тұрғыдан «افطل» (лотфан) «Өтінемін», «دىنک تب ح م» (Мохаббат конид) «Өтінемін, сүйіспеншілік танытыңыз».

Н.И. Формановская сыпайылықтың рөлі және оның сөйлеу этикетімен байланысы туралы былай деп жазады: «Сыпайылықты вербализациялау рөлін сөйлеу этикетіне жатқызуға болады, бірақ бұл жердегі байланыс күрделірек: сөйлеу этикеті де, сыпайылық та адамдардың бір-бірімен дұрыс қарым-қатынас жасауы үшін қабылданған ережелерді жүзеге асырады. Дегенмен де сөйлеу этикеті коммуниканттардың бір-бірімен қатынас орнатуына, оның сақталуы мен үзілуіне негізделеді. Сондықтан да сөйлеу этикетінің басты атқаратын қызметі - қабылданған әлеуметтік қатынастар мен иерархиядағы жоғары/төмен/тең және өзінікі/бөтен деген статус аясында қарым-қатынас орнату болып табылады [8, 126].

Сөйлеу этикетінің жоғары/төмен/тең және өзінікі/бөтен деген статус аясында қарым-қатынас орнату қызметі парсы тілінде кең көрініс тапқан.

«Та'ароф» дегеніміз адамның өз халқынан алып, бойына сіңіретін қасиеті және ол қасиетті өзіне сіңіруінің себебі: тәрбиелеуші халықты кішіпейілділік пен ақкөңілділікке үндейді және дөрекілікке тиым салады. «Та'ароф»- бұл ізгі ниетті сөз сөйлеу мен игі істер, жақсы іс-әрекеттер, қарияларға құрмет көрсету мен кішілерге сабырлылықпен қарау [11, 10].

Қорытынды. Ирандық мәдениеттің ерекше қыры болып табылатын «та'ароф» тарихи тамыры сонау тереңнен бастау алып, исламнан нәр алып, парсы халқының әдет-ғұрпы мен мінез-құлықтық нормасына енген мәдени құбылыс. Ирандықтардың ішкі рухани мәдениеті мен этнопсихологиясын тануда басты назарды осы ерекше құбылысқа аудару қажет. Шетелдіктер ирандықтармен сөз алмасу барысында әсіресе, келіссөздер жүргізу барысында ирандықтардың ұлттық мінез-құлқының ерекшеліктерін ескеруі керек. Қазіргі ауыз екі тілде ғана емес, жазба тілде де, әсіресе ресми хат алмасуларда көрініс тапқан «та'ароф» жеке зерттеуді қажет етеді. Бұл тақырыптың қазақстандық ирантанушылар тарапынан зерттелмегендігі, жалпы алғанда басқа да елдердің зерттеушілері тарапынан аз қарастырылғандығы оның өзектілігін арттыра түседі. Бұл тақырып ауқымды және терең зерттеулерді қажет ететіндігі сөзсіз.

Әдебиеттер тізімі

1. Балпанова Н.М. философия ғылымының докторы (PhD) дәрежесін алу үшін дайындалған диссертация «Этноконфессиялық қатынастар: толеранттылық мәдениетті қалыптастырудың тәжірибесі», Алматы, 2018. - 168 бет.
2. یلضاف للماتم عن «یناری فراعنت» [электрон. ресурс].-2016.-URL:<http://www.farhang-shenasi.ir/persian/node/89> (алынған күні: 21.12.2018 г.)
3. Ахмади Зейнаб. Вежливость и понятие «Та'ароф» в иранской культуре// Наука и Школа. – 2014. – № 3. – С.102–106.
4. Ларина Т. В. Категория вежливости и стиль коммуникации: Сопоставление английских и русских лингвокультурных традиций// Т. В. Ларина. – М.: Рукописные памятники Древней Руси, 2009. – 512с.
5. Ахмади Зейнаб «Вежливость в Иране и России: общее и различное»// Наука и Школа. – 2015. – № 1. – С. 167–174.
6. Сейтбеков С. «Пайғамбарымыздың (ﷺ) мінезі қандай еді?» [электрон. ресурс].-2016.-URL:<https://ummet.kz/islam-tarihy/365-paigambar-tarihy> (алынған күні: 16.01.2019 г.)
7. ح 1، چ، میمالسا تاغی لبت رفتد، مق، ملکل اررد و مکحل اررع فی نصت، یت یارد ی فطصم 5075 . – Кум: Таблиғат-е Ислами, 1988. –626с.
8. «ادخده ممان تغل»، ادخده ربکا یلع ۶۲۱۱، ص ۴، ج ۴، – Тегеран: Чап-е Данешгах-е Техран, 1999. –67265с.
9. لامج رشن، مق، نایس راپ ممان تمکح، یرهب ا یردی ح اضرمالغ 1، چ، 1385، ص 58. – Кум: Джамаль, 2006. –1385с.
10. Формановская Н.И. Речевое взаимодействие: коммуникация и прагматика. – М.: 2007. –480 с.
11. انیس نبا تاراشتنا «یسانش نخس»، لیعامسا یناکا 1346.- Тегеран: Ибн Сина, 1968. – 1346с.

М.М. Абишева, А.М. Курбанбаева

Евразийский национальный университет им. Л. Н. Гумилева, Астана, Казахстан

«Та'ароф» - главный аспект иранского менталитета

Аннотация. В статье рассматривается национальная специфика вежливости в иранской культуре, выявляется универсальное и особенное, описываются факторы и причины культурной специфичности. Целью данной статьи является изучение этих особенностей иранского национального характера. Для достижения этой цели автор рассмотрел основные особенности иранского национального поведения и факторы их формирования. Также представлены результаты анкетирования иранских студентов с целью выявления их общих представлений о понятии «вежливость». Представлены гипотезы иранских и зарубежных исследователей о социальных отношениях в иранском обществе. Также в статье приводятся научные гипотезы о происхождении «та'арофа» и приведены примеры из хадисов, которые затрагивают разнообразные религиозно-правовые стороны жизни мусульманской общины.

Ключевые слова: вежливость, этикет, речевой этикет, «та'ароф», иранская культура.

M.M. Abisheva, A.M. Kurbanbaeva

L.N. Gumilyov Eurasian National University, Astana, Kazakhstan

«Ta'arof» is the main aspect of the Iranian mentality

Abstract. The article considers the peculiarities of politeness in the Iranian speech culture. It also reveals the universal and the particular, describes the factors and reasons of cultural specificity. The purpose of this article is to study these features of the Iranian national character. To achieve this goal, the author reviewed the main features of the Iranian national behavior and the factors of their formation. Results of the survey to identify the general views of Iranian students on the concept of „politeness”. The hypotheses of Iranian and foreign researchers about social relations in Iranian society are presented. The article also presents scientific hypotheses about the origin of «ta'arof» and examples from the Hadith which affect a variety of religious and legal aspects of the life of the Muslim community.

Key words: politeness, etiquette, speech etiquette, «ta'arof», Iranian culture.

References

1. Balpanova N.M. The dissertation for the degree of Doctor of Philosophy (PhD) “Ethno-consensual relations: experience of tolerance culture formation”, Almaty, 2018 - 168 p.
2. Nematolla Fazeli Ta'arofe Irani [«Iranian ta'arof»]. Available at: <http://www.farhangshenasi.ir/persian/node/89> (accessed: 21.12.2018).
3. Ahmadi Zeinab Vezhlivost i ponyatie «ta'arof» v iranskoj kulture [Politeness and the concept of “Ta'arof” in Iranian culture], Nauka i kultura [Science and School], **3**, 102–106 (2014).
4. Larina T.V. Kategoriya vezhlivosti i stil kommunikatsii: Sopotavlenie anglyiskikh slov i ruskikh lingvokulturnikh traditsii [«Politeness category and communication style: Comparison of English and Russian linguistic and cultural traditions»] (Handwritten monuments of Ancient Russia, Moscow, 2009).
5. Ahmadi Zeinab Vezhlivost v Irane i Rossie: obchee i razlishnoe [«Politeness in Iran and Russia: a common and different»], Nauka i kultura [Science and School], **1**, 167–174 (2015).
6. Seitbekov S. Paighambarimizdin minezi kaday edi? [«What was the character of our Prophet?»] Available at: <https://ummet.kz/islam-tarihy/365-paigambar-tarihy> (accessed: 16.01.2019).
7. Mustafa Derayati [«Tasnif Karr ul-hokm va dar ul-kalam»], (Qom:Tablighate Islami, 1988).
8. Ali Akbar Dehkoda Loghatname-ye Dekhoda [«Dictionary of Dekhoda»], (Chap-e Dan-echgah-e Tehran, Tehran, 1999).
9. Gholamreza Heydari Abheri Khakmatname-ye Parsian [«Parsian wisdom»], (Jamal publishing, Qom, 2006).

10. Formanovskaya N. I. Reshevoe vzaimodeistvie: kommunikatsia i pragmatika [«Speech interaction: communication and pragmatics»] (Ikar, Moscow, 2007).

11. Ekani Esmaeil, [«Sohan shenasi»], (Avicenna Publishing House, Tehran, 1968).

Сведения об авторах:

Әбішева М.М. – т.ғ.к., Л.Н.Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университетінің Халықаралық қатынастар факультетінің доценті, Сатпаев к-сі 2, Астана, Қазақстан.

Қурбанбаева А.М. – Л.Н.Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университетінің Халықаралық қатынастар факультетінің 1 курс магистранты, Сатпаев к-сі 2, Астана, Қазақстан.

Abisheva M.M. – PhD in Historical Sciences, Associate Professor of the Faculty of International Relations, L. N. Gumilyov Eurasian National University, Satpayev str., 2, Astana, Kazakhstan.

Kurbanbaeva A.M. – First year master’s degree student of the Faculty of International Relations, L. N. Gumilyov Eurasian National University, Satpayev str., 2, Astana, Kazakhstan.